

**Тамды орта мектебінің коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
Қамқоршылық Кеңес отырысының хаттамасы №3**

Тамды ауылы

28.12.2023ж

Қатысуға тиіс: 9

Қатысқаны: 7

Күн тәртібінде:

1. Мектеп директоры Л. Садуакасованың 2023-2024 оқу жылындағы бірінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстарының есебі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз алған мектеп директоры Л. У. Садуакасоватөмендегі атқарылған жұмыстарға тоқталды. 2021-2022 оқу жылына арналған мектепшілік жоспарын белгілеп, мектеп жасындағы балаларды оқумен толық қамтамасыз етуде, оқушылардың бос уақыттарын есепке алып, пәндік және басқа да үйірме, секцияларға тартуда, сабақта және сабақтан тыс уақытта оқу-тәрбие жұмыстарын үздіксіз жүргізіп, оқушыларды мектептен және сыныптан тыс тәрбие жұмыстарының барлық түрлерімен қамтуда нысаналы жұмыстар атқарды. Білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қол жетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады. Мемлекеттік даму бағдарламасында көрсетілген индикатор бойынша мектебімізді үстіміздегі жылдың қорытынды білім сапасы 55,5% және 2023-2024 оқу жылында 65-70% көрсетуі керек. Біз межелеген мақсатқа жету үшін әлі де біраз бірлескен жұмыстар атқаруымыз тиіс. Мемлекеттік даму бағдарламасын орындау мақсатында мектебімізде үлгермеуші оқушылармен жеке жұмыстар жасалып, мектепшілік бақылау жоспары бойынша әрдайым білім сапасы назарға алынып, мониторинг жасалуда. Тамыз айында «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу барысы бойынша іс-шарасы жасалып ұжымға, ата-аналарға, оқушыларға таныстырылып бекітілді. Мектепке әлеуметтік аз қамтылған отбасы балаларына толық есеп тізбесі жасалды. Жағдайы келмейтін, қанғыбастыққа салынған оқушы жоқ. Барлық оқушының жағдайы анықталды. Акция барысында оқушыларға керекті оқу құралдары, мектеп формасымен қамту кәсіпкерлер және мұғалімдердің көмегімен ұйымдастырылды. Мөлтек аудан бойынша рейд ұйымдастырылып, рейд барысында қоғамдық орындар, малды ауылдарда тексеру жүргізілді, дәлелсіз себептермен мектепке тартылмай қалған балалар анықталған жоқ. 26 тамыз күні «Мектепке жол» акциясы негізінде «Жүректен-жүрекке» ұранымен қайырымдылық акциясы өтілді. Мектеп ұжымы қаржылай көмек жинады. Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған 15 оқушыға -120000 теңгеге мектеп

